

*trend.az, 05.05.2016*



Әзірбайжанда кәсіптік мектептердің желісін оңтайландыру жоспарланып отыр.

Білім министрі Микаил Джаббаровтың айтуы бойынша, кәсіптік мектептердің материалдық-техникалық базаларының деңгейі заманауи талаптарға сәйкес келмейді. Жұмысберушілерді кәсіптік мектеп түлектерінің білімі мен дағдыларының деңгейі қанағаттандырмайды. Осылайша, колледждерді оңтайландыру кәсіптік білімнің сапасын жоғарылатады.

Мемлекетте, сонымен қатар, педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі институт құрылды. Бұл институт кәсіптік білім қызметкерлерінің кәсіби дамуымен айналысады.

---